



6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға Картбаева Эльмира Бекболовнаға қорғауға шығарылған «Отандық шикізат (*Cistanche Salsa*) негізінде жаңа дәрілік заттар алу, оларды алу технологиялары мен әдістерін жасау» тақырыбы бойынша PhD- докторантының диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі Капсаламова Эльмира Николаевнаның

ПІКІРІ


Қазақстан өсімдік флорасы өсімдіктекті шикізаттардың жаңартылған көзі ретінде қызығушылық тудырады. Республика территориясында өсетін көптеген өсімдіктер химиялық тұрғыдан толық зерттелмеген. Бастапқы шикізаттың қолжетімдігі мен өсімдік көзінен оны бөліп алу әдісінің технологиялылығы маңызды.

Жабайы өсетін дәрілік өсімдік – паразит сортаңды цистанхе *Cistanche salsa* (С.А. Мей.) G. Beck, Сұңғыла тұқымдастығының *Orobanchaceae* Vent., Қазақстан медицинасында қолданылмайтын және аз зерттелген түрге жатады және кешенді құраммен ерекшеленеді, биологиялық белсенді зат ретінде Қытайда, Корей елінде, Жапонияда және АҚШ қолданылады.

Өсімдік кең спектрлі әсерлі фитопрепараттарды алу көзі ретінде танылған тонизирлеуші, антиоксиданттық белсенділік, сондай-ақ эректильді дисфункциясының алдын-алушы зат. Қазіргі кезде Қытай Республикасына осы өсімдікті экспорттау күшейіп келеді, онда сортаңды цистанхенің қоры азайған және Қытайдың Қызыл кітабына енген.

Осыған байланысты, экспорттау мақсатында халықаралық және қазақстандық талаптарға сәйкес *Cistanche salsa* (С.А. Мей.) G. Beck шикізатын стандарттау саласындағы зерттеулер, *Cistanche salsa* биологиялық белсенді заттар (ББЗ) негізінде қабынуға қарсы, жараны жазатын және тонизирлеуші әсерлі отандық препарат алу қазіргі заманғы фармацевтикалық зерттеулерде өзекті және үлкен маңызға ие, Қазақстан Республикасының өсімдік флорасын қолданып отандық препараттармен импорттық дәрілік препараттарды ығыстырудың кешенді мәселелерін шешеді.

Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ «Фундаменталды және қолданбалы ғылыми зерттеулер» 055 бюджеттік бағдарламасындағы мемлекеттік тапсырыс аясында «Инновациялық нәтижеге бағытталған университеттік ғылымды мақсатты дамыту» ғылыми-техникалық бағдарламасымен «Отандық шикізат (*Cistanche Salsa*) негізінде жаңа дәрілік заттар алу, оларды алу технологиялары мен әдістерін жасау» тақырыбына бірлесе орындалды (Мемлекеттік тіркеу нөмірі № 0112РК02043, 2012-2015 ж.ж.).

	«ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»	
	Дәрілік технологиясы және инженерлік пәндер кафедрасы	Пікір
		Баспа 1 2 беттің 2 беті

Қартбаева Э.Б. диссертациясы дәрілер технологиясына ауқымды үлес қосқан, аяқталған өзіндік ғылыми-зерттеу жұмыс болып табылады.

Нәтижелерінің негізділігі мен шынайылығы қазіргі заманғы әдістерді кешенді қолдану нәтижесінде дәлелденді: ЖЭСХ нәтижесі зерттелетін сортаңды цистанхе өсімдігінің фенолдық құрамын дәлелдейді. Бұл автордың эксперименталды мәліметтерінің сенімділігін көрсетеді.

Сипатталған диссертациялық жұмыс дәрілер технологиясы саласында автордың жоғары теориялық дайындығын көрсетеді. Алынған нәтижелер негізінде нормативті құжаттардың жобалары жасалды. Зерттеу кезінде алынған нәтижелері рецензияланатын ғылыми журналдарда басылып шығарылған және республикалық және халықаралық конференцияларда талқыланды.

Автордың зерттеу мақсаты фармако-технологиялық зерттеулер бойынша сортаңды цистанхе (*Cistanche salsa* (С.А. Мей.) G. Beck) жыланбұтақтары негізінде жаңа дәрілік заттар алу және оларды стандарттау.


Қартбаева Э.Б. диссертациялық жұмысының барлық бөлімдері ішкі бірлікке біріктірілген, сортаңды цистанхе туыстастығының өсімдіктері фитохимиялық зерттеулерге бағытталады, алынған табиғи қосылыстар дәрілік заттар жасауға құнды физиологиялық қасиетке ие зат болып саналады.

Диссертанттың алдына қойыған міндеттері сәтті шешімін тапқан. Өсімдік шикізатынан ББЗ бөліп алудан бастап, олардың сапалық зерттеулері, физика-химиялық сипаттамаларын зерттеу, биологиялық белсенділігін бекіту мен препарат алу сияқты көптеген зерттеулерді орындаған.

Қартбаева Э.Б. жүргізген зерттеулер көрсеткендей автор ғылыми талдау әдістерін толық меңгерген, терең ғылыми зерттеулер жүгізуге дайындығының жоғары деңгейіне ие, фармация саласында кең ойлау қабілеті бар.

Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс Эльмира Бекболовна Қартбаеваның ғылыми дайындық деңгейі 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін иемденуге тұрарлықтай екенін көрсетеді.

Ғылыми кеңесші:
«Ұлттық медициналық университеті» АҚ,
Фармация мектебі, Дәрілік заттар
технологиясы және инженерлік пәндер
кафедрасының доценті, фарм.ғ.к.



Капсалямова Э.Н.